

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ бірінші облигациялық бағдарламасы шегінде шығарылған үшінші атаулы облигациялар проспектісі

Осы облигациялар шығарылымы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бірінші облигациялық бағдарламасына (уәкілетті органда 2004 жылғы 04 мамырда №19 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Шығарылымның құрылымы:	
1) Облигация түрі:	S&P500 индексінің өзгеруіне беркітілген, нөлдік купондық атаулы облигациялар
2) ⇒ шығарылатын облигациялар саны:	2 000 000 дана
⇒ облигация шығарылымының номинал құны бойынша жалпы көлемі:	2 000 000 000 теңге
3) бір облигацияның номинал құны:	1 000 (бір мың) теңге
4) облигациялар бойынша сыйақы	
⇒ облигациялар бойынша сыйақының купондық ставкасы:	Аталған облигациялар бойынша сыйақының купондық ставкасы қарастырылмаған
⇒ облигациялар бойынша сыйақы мөлшері:	<p>Сыйақы мөлшері S&P500 индексінің өзгеруіне тәуелді және мына формуламен анықталады:</p> $I = N * \{(S\&P500f - S\&P500i) / S\&P500i\} * 100\% * X_t / X_0,$ <p>мұнда</p> <p>I – инвесторларға теңгемен төленетін сыйақы;</p> <p>N - облигациялардың теңгелік атаулы құны;</p> <p>X t – облигацияны өтеу күні KASE таңертеңгі сессиясында қалыптасқан KZT/USD орташа есептелген бағамы;</p> <p>Xo – облигация айналысы басталған күні KASE таңертеңгі сессиясында қалыптасқан KZT/USD орташа есептелген бағамы;</p> <p>S&P500f - S&P500 индексінің облигация орналастырудың соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап 180, 360, 540, 720 күннің аяғындағы орташа арифметикалық мәні.</p> <p>Егер облигация орналастырудың соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 180, 360, 540, 720 күн S&P500 индекс есебіне кіретін құралдар бойынша сауда жүргізілмейтін демалыс немесе мереке күндеріне түссе, индекстердің (S&P500f) орташа арифметикалық мәнін есептеу үшін демалыс немесе мереке күнінен кейінгі күннің соңындағы S&P500 индексінің мәні алынады.</p> <p>S&P500i – облигациялар орналастырудың</p>

	<p>соңғы күнінен кейінгі жұмыс күнінің аяғындағы индекс мәні.</p> <p>Облигация орналастырудың соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 180, 360, 540,720 күннің аяғындағы S&P500 индексінің мәні, S&P500i мәні Bloomberg, REUTERS ақпараттық жүйелерінің деректері бойынша тиісті сауда күнінің жабылу сәтінде S&P500 индексінің тең мәні болып қабылданады.</p> <p>Облигация орналастырудың соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 180, 360, 540,720 күннің аяғындағы S&P500 индексінің мәні мен S&P500i мәні туралы ақпаратты Эмитент сайтта және биржаның ақпараттық жүйесінде орналастырылатын ақпарат құрамына қосу үшін KASE мәліметіне жеткізеді.</p>
⇒ сыйақы есептеу басталатын күн	<p>айналыс басталған күннен;</p> <p>облигациялар айналымы, облигацияларды орналастырудың соңғы күнінен кейінгі жұмыс күні басталады.</p>
⇒ сыйақы төленетін күндер және дүркінділігі:	<p>Эмитент сыйақыны облигация айналысының мерзімі аяқталғанда негізгі борышпен бірге төлейді.</p>
⇒ сыйақы төлеудің шарттары мен тәртібі:	<p>сыйақы төлеу S&P500f есепті шамасы S&P500i индексінің мәнінен асып түскен жағдайда жүргізіледі ($S\&P500f > S\&P500i$); ал S&P500f есепті шамасы S&P500i индексінің мәнінен аз немесе тең болған жағдайда ($S\&P500f < S\&P500i$) сыйақы төленбейді.</p> <p>Сыйақы төлеу тәртібі осы Проспектінің 5-тармағында айтылған.</p>
5) облигациялар айналымы және оларды өтеу туралы мәліметтер:	
⇒ айналыс мерзімі:	<p>айналыс басталған күннен бастап 2 жыл.</p>

<p>⇒ өтеу талаптары:</p>	<p>Облигациялар теңгемен, 4-тармаққа сәйкес анықталатын сыйақыны төлей отырып, облигациялардың номинал құны бойынша, төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдайға сәйкес, облигация иелері тізілімінде тіркелген облигация иелерінің ағымдағы шоттарына айналыс кезеңі аяқталғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде ақша аудару арқылы өтеледі.</p> <p>Төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдайға сәйкес облигация иелері тізілімінде тіркелген тұлғалардың 4-тармаққа сәйкес анықталатын сыйақы мен негізгі борышты алуға құқықтары бар.</p> <p>Егер өтеу күні демалыс немесе мереке күндеріне түссе, облигация иелеріне төлем төлеу демалыс немесе мереке күндерінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі. Облигация иесінің осындай төлем жасаудағы кідіріс үшін сыйақы есептеу немесе қандай да бір өтемақы жасауды талап етуге құқығы жоқ.</p> <p>Қазақстан Республикасының бейрезиденті инвестор болған жағдайда, Қазақстан Республикасы аумағында банк шоты болғанда облигацияны өтеу теңгемен жүргізіледі. Инвестордың тиісті сұратуы алынған жағдайда теңгелік сома Банк белгілеген бағам бойынша инвестордың есебінен басқа валютаға айырбасталынуы мүмкін.</p>
<p>⇒ өтелетін күні:</p>	<p>Облигацияның айналыс мерзімі аяқталған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде</p>
<p>⇒ облигациялар бойынша міндеттемелер орындалатын жер</p>	<p>Қазақстан Республикасы, 480046, Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 97, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.</p>
<p>⇒ облигацияларды өтеу тәсілі:</p>	<p>Негізгі борыш сомасын өтеу және сыйақы төлеу облигационерлердің ағымдағы банк шоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі</p>
<p>6) ⇒ облигацияның өз иесіне ұсынатын құқықтары:</p>	<ul style="list-style-type: none"> ❖ осы облигация шығарылымы проспектісінде қарастырылған мерзімде облигацияның номинал құнын алу құқығы; ❖ осы облигация шығарылымы проспектісінде қарастырылған мерзімде 4-тармаққа сәйкес анықталатын сыйақы алу құқығы; ❖ Қазақстан Республикасының заңнамасында

	<p>қарастырылған тәртіппен ақпарат алу құқығы;</p> <ul style="list-style-type: none"> ❖ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы; ❖ облигацияларды өз иелігінен шығару және оларға басқаша иелік ету құқығы; ❖ облигацияға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.
⇒ мерзімінен бұрын сатып алу:	осы Проспектіде облигацияларды мерзімінен бұрын ішінара және толық сатып алу қарастырылмаған
<p>Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау Ережелерінің №1 Қосымшасының 7-бөліміне сәйкес, қосымша келесі мәліметтерді ұсынамыз:</p>	
7) басталған кезінде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар:	<p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт – осы Проспектіде белгіленген негізгі борыш немесе сыйақы төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін 10 күнтізбелік күн ішінде облигациялар бойынша номинал құнды және/немесе 4-тармаққа сәйкес анықталатын сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу.</p> <p>Эмитенттің кінәсі бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімде негізгі борыш және/немесе 4-тармаққа сәйкес анықталатын сыйақы төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент осы шығарылым облигацияларының иелеріне, ақшалай міндеттемелер немесе оның бір бөлігі орындалатын күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми кері қаржыландыру ставкасына сәйкес әрбір кешіктірілген күн үшін есептелетін өсімпұл төлейді</p> <p>Облигация иелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталғанда, Эмитент дефолтқа әкеп соқтырған себептерді жоюға және облигация иелерінің құқықтарын қамтамасыз етуге бар күшін салады.</p>
8) опциондар туралы ақпарат:	опциондар қарастырылмаған
9) облигациялардың айырбасталуы туралы ақпарат:	облигациялар айырбасталатын болып табылмайды

10) облигацияларды орналастыру тәсілі:	
⇒ облигацияларды орналастыру бағасы:	облигацияларды орналастыру номинал құны бойынша жүргізіледі
⇒ облигацияларды орналастыру мерзімі:	осы шығарылым уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, көрсетілген мерзімнің есебі мемлекеттік тіркеу жүргізілген күннен кейінгі келесі күні басталады. Облигациялар толық орналастырылмаған жағдайда, осы шығарылымның талаптары орналастырылған облигацияларға таралады.
⇒ орналастыру тәртібі:	
❖ <i>Құймдастырылған рынокта:</i>	облигацияларды орналастыру «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
❖ <i>Құймдастырылмаған рынокта:</i>	облигацияларды орналастыру жазылу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
⇒ облигацияларды акцияларға айырбастау:	осы Проспектіде облигацияларды акцияларға айырбастау қарастырылмаған
⇒ облигацияларға ақы төлеудің тәртібі мен шарттары:	Облигациялардың ақысы тек қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді; Жеке тұлғалар облигацияларға ақыны қолма-қол ақшамен де төлей алады. Облигацияларды орналастыру жазылу жүргізу арқылы жүзеге асырылған кезде облигация үшін ақы төлеу тәртібі мен шарттары Банк пен инвестор арасында жасалған облигацияларды сату-сатып алу шартында көрсетіледі. Облигациялар “Қазақстан қор биржасы” АҚ сауда алаңындағы арнайы сауда-саттық арқылы орналастырылғанда облигацияларға ақы төлеу “Қазақстан қор биржасы” АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.
⇒ облигациялар бойынша қамтамасыз ету:	облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады

<p>⇒ облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі:</p>	<p>облигация иелерінің тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды «Қор орталығы» ЖАҚ тіркеушісі жүзеге асырады: «Қор орталығы» ЖАҚ-ң мекенжайы: 480012, Алматы қ., Мәуленов к-сі, 92, байланыс телефондары: (3272) 67-63-44, 67-63-45.</p> <p>Тіркеуші 2003 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыру құқығын беретін №0406200253 лицензия негізінде және Эмитентпен жасалған шарт негізінде әрекет етеді.</p>
<p>⇒ облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәлімет:</p>	<p>Осы шығарылым облигацияларын орналастыруға бағалы қағазар рыногының мынадай кәсіпқой қатысушылары қатысады деп жобаланған:</p> <p>«KIB Asset Management» АҚ, 480072, Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 597, тел.: 922343, 929094</p>
<p>⇒ төлем агенті туралы мәлімет</p>	<p>төлем агенті қарастырылмаған; сыйақы мен негізгі борышты төлеуді Банк дербес жүзеге асырады;</p>
<p>11) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану</p>	<p>Мыналар осы шығарылымның мақсаты болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ❖ айналысқа жаңа қаржы құралдарын шығару; ❖ тартылған қаражаттар көздерін әртараптандыру; ❖ Банктің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді өтімділігіне қолдау көрсету;

Басқарма Төрағасы

Ә.Н. Сырғабекова

Бас бухгалтер

А.Г. Федченко

М.О.